



Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 ақпандағы № 103 Қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 2 а қ п а н д а ғ ы
№ 1 0 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Мазмұны

1. Миссиясы мен пайымдауы
2. Ағымдағы ахуалды талдау
Жерлердің жағдайы және жер ресурстарын пайдалану
Геодезиялық және картографиялық қызмет
3. Қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері
4. Функционалдық мүмкіндіктері және ықтимал тәуекелдер
5. Нормативтік құқықтық актілер
6. Бюджеттік бағдарламалар
1. Миссиясы мен пайдамдауы

М и с с и я с ы

Жерлерді тиімді пайдалану мен қорғауға, елдің экономикалық дамуына және

ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға септігін тигізетін геодезиялық және картографиялық қамтамасыз етуге жағдай жасау.

П а й ы м д а у ы

Қазақстан Республикасының жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану және экономиканың сапалы геодезиялық және картографиялық өнімдерге қажеттілігін толық қанағаттандыру.

2. Ағымдағы ахуалды талдау

Жерлердің жағдайы және жер ресурстарын пайдалану

Мемлекеттік жер кадастры Қазақстан Республикасы жерінің табиғи және шаруашылық жағдайы, жер учаскелерінің орналасқан жері, нысаналы пайдаланылуы, мөлшері мен шекарасы, олардың сапалық сипаттамасы туралы, жер пайдаланудың есепке алынуы мен жер учаскелерінің кадастрлық құны туралы мәліметтердің, өзге де қажетті мәліметтердің жүйесі болып табылады. Мемлекеттік жер кадастрына жер учаскелеріне құқықты субъектілер туралы ақпарат та енгізіледі.

Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін құру топографиялық-геодезиялық, аэроғарыштық, картографиялық, жерге орналастыру жұмыстарын, топырақтық, геоботаникалық зерттеу және іздестіру, нақты жер учаскесіне жер-кадастрлық істі құру, жер-кадастрлық карталар және жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындаумен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Топырақ қабатының, азықтық алқаптардың дәнді-дақылдық жағдайын және топырақты бағалаудың сапалы сипаттамасының анықталуы зерттеу жүргізудің 7-10 жыл мерзімділігімен іздестіру (топырақтық, геоботаникалық және т.б.) жұмыстарының н е г і з і н д е жү р г і з і л е д і .

Сонымен қатар, топырақты зерттеудің материалдары (топырақтық карталар, топырақтардың агроөндірістік топтамасының картограммалары және т.б.) 185,2 млн.га көлемді құрайды, бұл барлық ауылшаруашылығына арналған жерлердің 85,9% көрсеткіші, оның ішінде 1990 жылға дейінгі 151,9 млн. га аумаққа арналған зерттеулер материалдары ескірген және қайта зерттеуді қажет етеді.

Геоботаникалық іздестірулердің зерттеу материалдарының негізгі бөлімі — 78,8 % 1990 жылға дейін жасалған және қайта зерттеуді қажет етеді.

Бұдан басқа, соңғы рет 2000 жылы өткізілген елдің жер ресурстарын экономикалық бағалауды бес жыл кезең аралығында өткізу қажет.

«Нұр Отан» ХДП саяси платформасының ережелерінің біріне сәйкес келетін жерді экономикалық бағалау бойынша жерді, басқа табиғи ресурстарды, экономикалық бағалау және тіркеу жүйесін құру сондай-ақ олардың ренталық құнын ішкі және әлемдік нарықтағы баға бойынша жыл сайын нақтылап отыру қажет.

Осылайша, нарықтық экономика жағдайында жалпы жер нарығының даму перспективасы туралы нақты және объективті ақпаратқа экономикалық процеске қатысушылар қызығушылығы айтарлықтай көтеріледі. Осыған байланысты,

Мемлекеттік жер кадастры қалыптастырып отырған барлық мәліметтерге кешенді талдау жүргізу орынды болып табылады. Қазіргі заманғы кезеңде компьютерлік технологияны қолданбай жер кадастрын тиімді жүргізу мүмкін емес. Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - МЖК ААЖ) құру мемлекеттің мүддесін, экономика салаларын және ел халқын жер туралы (жылжымайтын мүлік) ақпаратпен қамтамасыз ететін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқын қорғайтын, сондай-ақ жер және жылжымайтын мүлік нарығының жұмыс істеуіне қолдау көрсетуі бойынша ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыруға бағытталған. Қазіргі уақытта мемлекеттік жер кадастрын есепке алу және бағалау бөлімін қолдауды қамтамасыз ететін, барлық деңгейдегі жер-ақпараттық мәліметтер банкімен МЖК ААЖ құру аяқталуда. Жер ресурстарының әлеуетін тиімді басқаруда экономикалық механизм негізінде, МЖК жылжымайтын жер мүлігінің құқығын қорғаушы кепіл ретінде ұсынылуы тиіс. Бұл МЖК ААЖ-ды пайдалану үшін телекоммуникациялық қызметтерді, лицензиялық бағдарламалық өнімдерді және МЖК ААЖ-дың қосалқы жүйесін ілеспелі түрде техникалық қолдауды қосқанда, МЖК ААЖ жүйелік және техникалық қызмет көрсету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігімен ұштасқан «электрондық үкімет» аясында Агенттіктің ақпараттық жүйесін бұдан әрі жетілдіруді және жаңғыртуды талап етеді. Аталған іс-шаралар стратегиялық бағыттарда, мақсаттарда және міндеттерде көрсетілместен, қызметтің ағымдағы түрін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө.Е.Шөкеевтің 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 11-28/1805 қызметтік хатына Мемлекет басшысының 2009 жылғы 8 мамырдағы жер инспекциясына бағынатын және топырақтың құнарлылығы жағдайына мониторинг жүргізетін арнайы мекемені бұрыннан бар құрылымның негізінде құру мәселесі жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі - «АҚРҒӘО» ММ) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) қарамағына 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап беру туралы шешім қабылдады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қыркүйектегі № 1487 қаулысы).

«АҚРҒӘО» ММ Қазақстан Республикасының аумағында 1,8 млн га жер көлемінде жыл сайын агрохимиялық зерттеулер, егіншілік топырақтарының құнарлылығы мониторингін жүргізеді.

2007 - 2009 жылдар аралығында 5,2 млн. га жер зерттелді, осылайша агрохимиялық зерттеулердің қарқыны ауыл шаруашылығы мақсатындағы егістік жерлердің әр бес жыл сайын құнарлылығының төмендеуіне байланысты олардың мониторингін жүргізу мақсатында жаңа материалдармен қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған мемлекеттік МЖК ААЖ жер-кадастрлық ақпараттың екі түрі қолданылады - атрибутивті (мәтінді) және графикалық. Атрибутивті бөлігі 3,5 млн. жер учаскелерінің мәліметтерінен құралған. ААЖ графикалық бөлігі атрибутивті мәліметтердің 24 пайызын құрайды. Мұндай теңсіздік жер учаскелерінің көпшілігі қажетті масштабтағы картографиялық негізі жоқ елді мекендердің жерлерінде орналасқандықтан пайда болды.

Жер ресурстарын сандық есепке алу бойынша мәліметтерін беру мәселесін атрибутивті және графикалық ақпаратты сәйкестендіргеннен кейін шешуге болады.

Аталған проблемаларды жою үшін үйлестірілмеген жер учаскелерін межелеу қажет, онда жер учаскелерінің бұрылыстық нүктелерін құралмен үйлестіру бойынша далалық геодезиялық жұмыстардан, оларды кадастрлық құжаттама бойынша заңды сәйкестендіру, мәліметтерді МЖК ААЖ графикалық базаларына енгізуден тұрады.

Жер ресурстары саласындағы тізбектелген проблемалардың шешілуі жер ресурстарының сандық және сапалық жағдайы туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру, олардың құрамында егістіктің, жайылымдардың, шабындықтардың аумағын орналастыру бойынша ұсынымдар, сондай-ақ Индустриялық-инновациялық үдемелі дамудың 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында өз бейнесін табатын, егістік айналымдарының, жайылым айналымдарының құрылымы және жерді тиімді пайдалануға бағытталған басқа да іс-шаралар әзірленуде.

1990 жылға дейін шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобалары барлық ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен жасалып келді. Соңғы жылдары жұмыстың бұл түрі іс жүзінде жүзеге асырылмай келеді, ал аграрлық сектордың жеке субъектілері бұл іске қызығушылық танытып отырған жоқ.

Осыған байланысты әр түрлі аймақтарда бірнеше шаруашылықтарда бюджет қаражаты есебінен жерге орналастыру жобаларын әзірлеудің және жерге орналастыру бойынша жұмыстардың толық кешенін жүргізу орынды болады. Аталған қадам ақталады және нарық жағдайында отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі мәселелері өзекті болған жағдайда мұндай жобаларды әзірлеу бойынша басқа да шаруашылық субъектілеріне импульс береді және олардың аумақтарын ғылыми тұрғыдан ұйымдастырусыз және шағын шаруашылықтарды ірілемей оларды шешу қиынға соғады.

Қазақстан Республикасының жер ресурстарын жаңа жағдайларда тиімді басқару жер пайдаланудың бұрыннан қалыптасқан жүйесін түпкілікті ұйымдастырушылық-технологиялық қайта құруды талап етеді. Бұл ретте Агенттік Қазақстан Республикасы аумақтарының жерге орналастырудың бас жоспары жерді пайдалану мен қорғауды жоспарлауды жүзеге асыруда негізгі жерге орналастыру

құжаттамасы болып табылады деп пайымдайды.

Бұдан басқа, есептеу әдісі бойынша тіркеуге көшу бөлігіндегі жерлерді тіркеу пайдаланылмайтын, ұтымды пайдаланылмайтын немесе нысаналы мақсатына сай пайдаланылмайтын және жер учаскелерінің рұқсатты пайдаланылуына сәйкес емес пайдаланылатын жерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан үшін жердің тозуына қарсы күрес тағы да бір өзекті мәселе болып табылады. Ел халқының шашамен 43%-ы (6,5 млн. адам) ауылдық аудандарда тұрады және олардың көпшілігі аграрлық секторға және жерді пайдалануға байланысты табысқа тура немесе жанама тәуелді. Табиғи жағдайларға байланысты ел аумағының 70%-ы шөлейттену және жерлердің тозу процесімен қамтылған.

Осыған орай, жер мониторингіне ерекше мән беріледі. Қазіргі уақытта жер жағдайына көп жылдық бақылау жүргізуге арналған стационарлы экологиялық алаңдар және жартылай стационарлы алаңдар елдің барлық аумағының 15%-ын қамтиды, 2013 жылдан бастап жаңа экологиялық алаңқайларды құру және бұрыннан бар алаңқайларды жаңғырту мен дамыту жоспарлануда.

Жер ресурстарының сапалы жағдайы туралы, болып жатқан өзгерістер, олардың бағалары мен болжамдарының одан әрі дамуы жөніндегі нақты ақпаратты алу жер мониторингін жүргізумен қамтамасыз етіледі, оның ішінде геоақпараттық технологиялар негізінде бірыңғай жүйені құру, аэроғарыштық ақпараттарды пайдалана отырып, бақылау және түсірілім әдістерін жетілдіру.

Жерлердің сапалық жағдайының өзгеруі туралы нақты ақпарат алу үшін топырақтық аймақтар мен кіші аймақтардың ішіндегі бақылау желісін күшейту және 2011 жылдың аяғына бұзылуға ұшыраған жерлердің 25%-ын мониторингпен қамту қажет, ал осы өз кезегінде басқа да мүдделі органдармен бірігіп, бұзылушылық үдерістерді тұрақтандыру бойынша бірегей экологиялық бағдарлама әзірлеуге мүмкіндік береді.

Елдің жерлерін сапалық және сандық есепке алуды жүзеге асырудағы нақты мәселелермен бірге Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзушылық саны да өсіп келетіндігін атап өту қажет. Осылайша, 2006 жыл мен 2008 жылдың бірінші тоқсаны кезеңі аралығында анықталған Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзушылықтар серпінділігі жойылған заң бұзушылықтар санының тұрақты деңгейінде бұзушылықтардың санының жыл сайынғы өсімін көрсетіп отыр (1-кесте).

1-кесте - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің жерлерді қорғау және пайдалануды мемлекеттік бақылау анықталған бұзушылықтар серпінділігі

Атауы	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл
Бұзушылықтар анықталды	2 424	3 438	2 421	7 999
Бұзушылықтар жойылды	1 305	1 307	1 012	6 509

Жерді пайдалану және қорғау бойынша мемлекеттік бақылаумен жүргізілген талдауда 2009 жылы Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзудың негізгі түрлері анықталды, яғни жерге меншік құқығының бұзылуы (60,8%), жерді нысаналы мақсатына сай емес пайдалану (18,3%), жерге орналастыру құжаттамасын бекітуде белгіленген тәртіпті бұзу (7,1%) болып отыр.

Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзылу санының ұлғаюының негізгі себептері:

1. Жерге сұраныстың өсуі;
2. Жасалған Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзу сипаттамасына жауапкершілік дәрежесінің сәйкессіздігі;
3. Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзу бойынша сот шешімінің орындалу өндірісінің төмен деңгейі;
4. Қоғам алдында жер инспекторының тиісті бейнесінің болмауымен қатар мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға кадрлардың жетіспеуі.

Анықталған Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзу сараптамасымен қатар жер қатынастары субъектілерінің жыл сайынғы көбеюі байқалып отыр. Қазақстан Республикасындағы жерлердің жағдайымен пайдалану туралы салыстырмалы сараптамалық есептің мәліметтеріне сәйкес 2006 жылғы жер учаскелері меншік иелері және жер пайдаланушылар саны - 2,7 млн., 2007 жылы - 3,2 млн., 2008 жылы - 3,3 млн., 2009 жылы - 3,4 млн. құрады.

Осылайша, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау жағдайына жасалған сараптама мемлекеттік бақылауды жетілдіру бойынша жүйелі механизмді әзірлеу қажеттілігін, сондай-ақ жасаған бұзушылықтары үшін жауапкершілікті қатаңдандыру жөніндегі қажеттілікті дәлелдейді, ал бұл өз кезегінде жеке меншік құқығы жағдайын сипаттайтын индексті көтеру бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумдағы Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінде Қазақстан Республикасының деңгейін көтеруде көрінеді.

Ағымдағы жылы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңына енгізілген толықтырулар мен өзгерістерге сәйкес жерді пайдалану мен қорғауға бағытталған мемлекеттік бақылау тәуекел ету деңгейіндегі баға өлшеміне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Жер қатынастары саласындағы негізгі тәуекелдер жерді ұтымды пайдаланбау нәтижесінде жер ресурстарына залал келтірілу ықтималдылығы болып табылады, оның салдарынан топырақтың құнарлылығы төмендеуі, жердің тозуы, шөлейттенуі, ластануы, жел және су эрозиясына ұшырауы мүмкін, алайда жер қатынастарын реттестіру - жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқығын бұзу болып табылады.

Бұл ретте, мемлекеттік бақылауды жүргізу барысында тәуекел етуді басқару жүйесінің мақсаты жеке кәсіпкерлік субъектілеріне әкімшілік қысымды төмендету,

сонымен қатар аталған салада мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Жер кодексі Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңындағы жаңа түзетулермен сәйкестендірілді.

Геодезиялық және картографиялық қызмет

Жергілікті жер туралы ақпарат республика экономикасының, қорғаныстың көптеген саласының маңызды құрамы болып табылады, осыған байланысты геодезиялық және картографиялық өнімнің сапалы қызметіне сұраныс өсіп келеді, және көп жағдайда осы өнімдер заңды құжат болып табылады. БҰҰ деректері бойынша басқарушы шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесіндегі кеңістіктік ақпараттың еншісіне осы жүйедегі ақпараттың жалпы көлемінен 80% дейін құрайды.

Республиканың топографиялық-геодезиялық және картографиялық зерделенуі мемлекеттік геодезиялық жүйені құрайды, оның құрамына Қазақстан Республикасының координаталық негізі болып табылатын ұзындығы 76 000 текше км құрайтын 155 мың нүктелер және нивелирлі жүйелер және масштабы 1:25 000-1:1 000 000 болатын мемлекеттік топографиялық карталардың 43 575 парағы енеді.

Бюджеттік қаржыландырудың ұлғаюына байланысты республиканың жалпы көлемінен 10 %, аэротүсірілім жүргізілді; мемлекеттік геодезиялық желілері нүктелерінің жалпы санына 0,9 % көлемі зерттелді, жалпы нивелирлік желі ұзындығынан 3 % нивелирленді, барлық масштабтық реттегі мемлекеттік топографиялық карталар парағы санынан 7 % жаңартылды.

Агенттік жасап жатқан барлық масштабты реттегі мемлекеттік топографиялық карталарда жер туралы толық ақпарат көрсетілген, бұл республиканың экономика және қорғаныс саласында қолданылатын әр түрлі туынды материалдарды жасауға негіз болады.

Тұтастай алғанда геодезия және картография саласында жағымды алғы шарттар туындады, сонымен қатар басты шешілмеген мәселелерге келесілерді жатқызуға болады.

1. Картография негізі болып табылатын мемлекеттік геодезиялық желі жартылай жойылған және көп жағдайда қайтадан қалпына келтірілмейді, соның нәтижесінде оған қойылатын талаптарға толығымен жауап бере алмайды.

2. Жер серіктік технологиялардың дамуына және топографиялық геодезиялық өндірістің жер серіктік координаталық анықтаудың жеке әдісіне көшуіне байланысты республиканың жаңа координаталық негізін құру және дамыту мәселесі тұр.

3. Қазақстан Республикасы аумағының топографиялық және картографиялық қамтамасыз етілу жағдайы ерекше аландатушылық тудырады, карталардың уақытқа сай келу деңгейі 10-20 жылды құрайды.

4. Сейсмоселсенді аумақпен Қазақстанның Каспий маңы аумағының жоғары нақты геодезиялық өлшемдермен толық қамтылмауы.

5. Агенттікке ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық артта қалуы.

6. Жеткілікті дәрежеде жас мамандардың жоқ болуы және мамандарды дайындау, қайта дайындау сапасы қазіргі уақыттағы техника және технология талаптарына сәйкес келмейді.

7. Нарықты нақты емес геодезиялық және картографиялық өнімдерден қорғау, олардың пайдаланылуы мемлекетке және тұтынушыларға залал келтіруі мүмкін.

Жаһандық бәсекеге қабілеттілігін бағалау тұрғысына байланысты Қазақстанның жағдайымен байланысты басқа да мәселелер бар. Қазіргі кезде Жаһандану республикада болып жатқан барлық дерлік процестерге ақырындап әсерін тигізуде, Қазақстанның ақпараттың кеңістігі бірегей ақпараттық кеңістікке ене түсуде. Басқарушылық шешімдерді қабылдауды қолдау және республика аудандарының дамуын болжаудың ақпараттық бөлімінің құрамды бөлігі мемлекеттік топографиялық карталарда қазіргі жерлердің қазіргі жағдайының көрсеткіші объективті және өзекті кеңістіктік ақпарат болып табылады.

Қазіргі жағдайдың сараптамасын ескере отырып және Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енуі және тұрақтандыру бойынша қойған тапсырманы ескере отырып, жер ресурстарын басқару, геодезия және картография салаларының стратегиялық бағыттары анықталды, бұл өз кезегінде жер ресурстары туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік экономикалық форумның «Институцияналды даму» көрсеткіштері бойынша бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексіндегі рейтингін көтеруге, елдің қорғаныс мүмкіншілігін нығайтуға, ұлттық қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға септігін тигізеді.

1-қосымша

3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.30 N 667, 2010.12.31 N 1501 Қаулыларымен.

Атауы	өлш. бірл.	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			
		2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8
1-стратегиялық бағыт. Жер ресурстары бойынша өзекті мәліметтерді құру және жерді пайдалану мен қорғауды мем бақылаудың тиімділігін арттыру							
1.1-мақсат. Жер ресурстары туралы ақпараттарды пайдаланушыларға табыстауда ақпараттың толықтығын және ақпараттың қамтамасыз ету							
Жер-кадастрлық ақпаратты алу және беру мүмкіндігін жасау, соның ішінде							

барлық мүдделі пайдаланушыларға жер учаскелеріне картографиялық мәліметтерді беруді қамтамасыз ету және пайдаланушылардың санын жыл сайын кемінде 20 %-ға өсіру	(мың) пайдаланушы	152	166	199	238	285	342
---	-------------------	-----	-----	-----	-----	-----	-----

1.1.1-міндет. Жер ресурстарының сапалық жағдайы туралы ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату

Тексеруге жататын ауыл шаруашылығы алқаптарын іздестірумен қамту	%	24	26	28	32	33,5	41,3
	млн. га	51,3	56,1	61,9	68,7	72,4	89,1
Ш а р у а кожальқтарының жер учаскелерін паспорттармен қамту	%	61,8	71,4	82,8	96	100 ¹	100
	мың дана	126,2	147,9	173,9	205,1	236,3	244,3
Ауыл шаруашылығы алқаптарын экономикалық бағалаумен қамту	%	0	0	53	100	-	-
	млн. га			113,3	215,7	-	-

1.1.2-міндет. Елдің жер қоры және жер учаскелері туралы мәліметтер жинағын құруды, сандық есепке алуды жақсарту

Үйлестірілмеген жер учаскелерін межелеуді орындау	%	0	12,5	38,3	44,2	5	-
	мың учаске		325	997	1 149	129	-
Жер-кадастрлық істерді сканерлеу және МЖК ААЖ «Мұрағат» кіші жүйесіне енгізу	%	0	4,1	19,9	53,8	22,2	9
	мың жер-кадастрлық істер		144,7	695,9	1 881,6	782	300

1.1.3-міндет. Жер мониторингі деректерін жүргізу мен пайдалануды жетілдіру

Мониторингтік бақылауға арналған стационарлы экологиялық алаңдардың (СЭА) саны	бірл.	116	116	139	167	326	500
Бақылаумен қамтылған жерлердің көлемі	%	9	13	18	25	35	50

1.1.4-міндет. Топырақтық-агрохимиялық зертханалардың топырақтың агрохимиялық зерттеуін жүргізу, топырақ құнарлы мониторингін жүргізу жөніндегі қызметіне орталықтандырылған ғылыми-әдістемелік басқаруды жүзеге асыру

Егістік топырағының тиімді агрохимиялық мониторингін жүргізу	млн.га			1	1,6	1,8	1,8
--	--------	--	--	---	-----	-----	-----

1.2-мақсат. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау тиімділігін арттыру арқылы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын азайту

Анықталған бұзушылықтардың жойылуы	%	41	44	50	53	57	60
Жер қатынастары субъектілерін жоспарлы тексеруді қысқарту	2008 жыл дан % пайыз	-	-	5	7	10	10
Қауіп-қатердің төмен және орта дәрежесі санаттарына жатқызылған жер қатынастары субъектілеріне тексеріс жүргізудің ұзақтығы	жұмыс күні	30	30	29	28	27	25

1.2.1-міндет. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы Қазақстан Республикасының заң жетілдіру

Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, Агенттік төрағасының бұйрығы	5	6	6	7	7	6
--	---	---	---	---	---	---	---

1.2.2-міндет. Қазақстан Республикасының халқы арасында жер қатынастары бойынша құқықтық түсіндіру жұмысын жүргізу

Б а с п а басылымдарында, Агенттіктің веб-сайтында жер заңнамасы саласындағы материалдар мен ақпаратты жариялау және әрі және заңды тұлғалардың сұрақтарына жауап беру, сондай-ақ телерадио хабарларда сөз сөйлеу арқылы жер қатынастары субъектілері арасында құқықтық сауатсыздықты төмендету	дана	35	40	45	50	55	40
---	------	----	----	----	----	----	----

2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттің және экономика салаларының өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз ететін геокартографиялық өнімдерді

2.1-мақсат. Қазақстан Республикасының аумағын Жерді қашықтықтан зондау әдістерімен және спутниктік технологиялық геодезиялық қамтамасыз ету

Кеңістіктік ақпаратты жылына кемінде 3% жыл сайынғы жаңартумен, мүдделі пайдаланушылар басқарушылық шешімдер қабылдауы үшін өзекті геодезиялық өнім құру	%	2	3	6	10	13	15
--	---	---	---	---	----	----	----

2.1.1-міндет. Мемлекеттік геодезиялық желіні жаңғырту және Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай мем координаталар жүйесін құру

Жоғары нақты геодезиялық жүйені және республиканың координаттық негізін құру	ТЭН	-	-	Техникалық жоба	Ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар	жобаны іске асыру	жобаны іске асыру
--	-----	---	---	-----------------	--	-------------------	-------------------

2.1.2-міндет. Цифрлы аэротүсірілім түсіру негізінде мемлекеттік топографиялық карталарды жаңғырту мен қалаларды масштабты жоспарлармен қамтамасыз ету

Аумақтар мен қалалардың аэротүсірілімі	шаршы	4 2023	41 830	900	600	890	1 000
	м	2	2	7	5	7	8
	%	750 6					
Нивелирлеу	текше.к м	575	725	800	900	1 000	1 300
	%	0,8	1	1,1	1,2	1,3	1,3
Мемлекеттік топографиялық карталарды жаңарту	парақ	997	1 696	1 750	2 130	2 500	2 800
	%	2,3	3	4	5	6	6
Қалалардың үлкен масштабты жоспарларын жасау	шаршы км	-	400 Астана	350 Астана	5 0 0 Алматы Атырау	6 0 0 Атырау Қостанай	8 0 0 Қостанай Қарағанды
	%	-	4	3	4	5	6

2.1.3-міндет. Каспий теңізінің солтүстік бөлігін үлкен масштабты жоспарлармен қамтамасыз ету

Жалпы көлемі 146 800 шаршы км құрайтын Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің теңіз навигациялық картасын жасау	шаршы км	1 7395	25 020	23 919	12 700	11 559	10 859
	%	12	17	16	9	8	8

2.1.4-міндет. Геодинамикалық полигондар желісін кеңейту

Қазақстан Республикасының батыс өңірінде геодинамикалық	проект	0	0	0	1	1	
---	--------	---	---	---	---	---	--

полигонның техникалық жобасын әзірлеу							1
2.2-мақсат. Цифрлы картографиялау негізінде Қазақстан Республикасының аумағын картографиялық қамтамасыз ету							
Картографиялық қызмет субъектілерінің мемлекеттік топонимикаға және жергілікті жердің қазіргі жағдайына сай келетін картографиялық өніммен ел алаңын қамтамасыз ету деңгейін жыл сайын кемінде 5 %-ға көтеру	шаршы км	137 199	243 256	352 691	485 887	498 000	598 000
2.2.1-міндет. Картографиялық өнімді цифрлы түрде және мемлекеттік тілде қамтамасыз ету							
Цифрлы картографиялау негізінде мемлекеттік топографиялық карталарды жасау	парақ	765	726	750	800	900	1 000
	%	2	1,7	1,7	1,8	2,0	3,0
Топографиялық карталарды жасау және шығару	парақ	916	2 000	2 100	3 000	3 200	3 400
	%	2	5	5	7	7	7
Цифрлы картографиялау негізінде мемлекеттік тілде топографиялық карталар жасау және оларды шығару	парақ	1 024	1 487	1 700	1 800	1 900	2 000
	%	2	3	4	4	4	5
Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогтарын мемлекеттік тілде шығару, Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мониторингін жүргізу	каталог	4	6	2	2	2	2
2.2.2-міндет. Автоматтандырылған мәліметтер базасын жасау арқылы материалдар мен құжаттарды есепке алу, сақ түгелдігін қамтамасыз ету тиімділігін көтеру							

Геодезиялық және картографиялық мәліметтер мен материалдарды есепке алудың автоматтандырылған дерекқорын жасау	техникалық құжаттамаларды әзірлеу	0	0	0	1	1	1
--	-----------------------------------	---	---	---	---	---	---

¹ 2008 жылдың мәліметтерімен салыстырғанда

Одан басқа, Қазақстанның ұстанымын көтеруге «Институттар» факторы бойынша Бүкіләлемдік экономикалық форумның Жаһандық индексіне бәсекеге қабілетті жер туралы ұсынылған ақпараттың дұрыстығы жөнінде куәландыратын, жер ресурстары туралы ақпараттық дереккөзі қатынасының санын көбейтуге, осындай индикаторлардың жетістігіне мүмкіндік туғызады.

4. Функционалдық мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 № 1009 Қаулысымен

Елдің жер ресурстарын ұтымды пайдалану, жер қатынастарын жетілдіру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді және жер учаскелерін материалдық активтер санаттарына жатқызу және олардың қаржы-экономикалық айналымын жүргізу, мемлекеттік шекарада межелеу жұмыстарына қатысу, бұл жер реформасын тереңдету, геодезия және картографияны дамыту үшін қажетті міндеттердің толық емес тізбесі, оларды шешу Агенттікке тапсырылды.

Қойылған стратегиялық мақсаттарға жетуге Агенттіктің ішкі ортасының өзгеруі бойынша бірқатар жоспарланған және өткізілген іс-шаралар, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдармен құнды қарым-қатынасты дамыту септігін тигізеді.

Жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекеттестікті қамтамасыз етуге бағытталған жер қатынастарын басқару саласындағы жүргізілген функциялар мен өкілеттіктердің ара жігін ажырату шеңберінде жер қатынастарын басқарудың вертикалды жүйесін дамытумен қатар, жер қатынастары, геодезия және картография саласындағы мәселелер бойынша сектораралық өзара әрекеттестікті дамыту қажет деп п а й ы м д а й м ы з .

Жер қатынастары саласында қойылған мақсаттардың жетістігіне жәрдемдесетін мемлекеттік органдардың қатарында Ауыл шаруашылығы және Қоршаған ортаны қорғау министрліктері, жергілікті атқарушы органдарды атап өткен жөн; Қазақстан Республикасы жер заңнамасының бұзушылығын төмендетуге Бас прокуратурасы, Әділет министрлігі септігін тигізеді; геодезия және картография саласында қызметі Қорғаныс, Білім және ғылым министрліктері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ұлттық ғарыш агенттігі сияқты осындай мемлекеттік органдардың жұмыстарымен түйіндесті.

2-кесте - Сектораралық қарым-қатынас

Стратегиялық міндеттердің атауы	Мемлекеттік мүдделі органдармен бірлескен іс-шара
1.1.1. Жер ресурстарының сапалы жағдайы туралы ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату	АШМ - елдің ауылшаруашылық пайдаланылатын жердің сапалы сипаттамасын құру кезінде егістік жердің топырағын агрохимиялық тексеру және суландыратын жерлердің жер өңдеу кадастрының мәліметтерін пайдалану бөлігінде
1.1.2. Жер учаскелері және елдің жер қоры туралы мәліметтер жинағын жасау, сандық есепті жақсарту	Жергілікті атқарушы органдардың жер қатынастары бойынша өкілетті органдар жердің сандық есебін жақсарту бойынша ұсыныстар келісімі. СА - ведомстволық статистикалық есептілік нысандарының келісімі, атрибутивті жүргізу мен графикалық ақпаратты тәртібі және мазмұны
1.1.3. Жер мониторингі мәліметерін пайдалану және жүргізуді жетілдіру	МAM - жер мониторингін жүргізу кезінде жер жағдайының туралы қажетті ақпаратты алу үшін жердің аралық зондтау технологиясын пайдалану; АШМ, Қоршаған орта мині - келеңсіз процестерді дамыту және жердің жағдайы туралы (эрозия, тұздалған, ойраңдатылған және т.б.) мәліметтерді беру
1.1.4. Топырақтық агрохимиялық зертханалардың агрохимиялық зерттеулерді, топырақ құнарлылығының мониторингін жүргізуін орталықтандырылған ғылыми-әдістемелік басшылықты жүзеге асыру	АШМ, жер қатынастары жөніндегі өкілетті органдар - ауыл шаруашылығы мақсатындағы егістік жерлер топырағының құнарлылығы мониторингінің мәліметтерін пайдалану, жерді ұтымды пайдалану өлшемін белгілеу, топырақтың құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және аймақтарда жер заңнамасын жинақтау тәжірибесін және жер қатынастарын жетілдіруді ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру бөлігінде
1.2.1. Жер қатынастары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының халқы арасындағы түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Мәдениет мині - жер қатынастары мәселелері бойынша халықтың ақпараттандырылуын жоғарылату
1.2.2. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы заңнаманы жетілдіру	Мемлекеттік өкілетті органдар - жер заңнамасын жетілдіру мақсатында нормативтік құқықтық актілерге келісу
1.2.3. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың тиімділігін жоғарылату	МAM - жер заңнамасы бұзушылығын қатынасына қабылданған шаралар туралы халықтың ақпараттандырылуын жоғарылату ПМ - жер заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жерді пайдалану және қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы мемлекеттік инспекторға келуден жалтарып жүрген тұлғаларды күштеп әкелу мәселесін шешуде, соның ішінде жер заңнамасын бұзушылардың жеке басын куәландыру бойынша ішкі істер органдарымен өзара қатынас БП, СК, Қаржы мині, ЖАО - жер қатынастары субъектілерін тексеруді бірігіп жүргізу Уәкілетті мемлекеттік органдар жер заңнамасын жетілдіру мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу
2.1.1. Мемлекеттік геодезиялық желіні жаңғырту және Қазақстан Республикасы аумағында бірегей мемлекеттік координаттар жүйесін орнату	Қорғаныс мині, ҰҚК - мемлекеттік құпияларды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды келісу
2.1.2. Цифрлы аэротүсірілім негізінде мемлекеттік топографиялық карталардың және қалалардың үлкен масштабты жобаларының жаңартылуын қамтамасыз ету	Қорғаныс мині, ҰҚК, ЖАО - әр түрлі тапсырмаларды жоспарлау бойынша және басқарушылық шешімдерді қабылдау бойынша ұсыныстарды келісу

2.1.3. Каспий теңізінің солтүстік бөлігін үлкен масштабты жоспарлармен қамтамасыз ету	Қорғанысмині, ҰҚК, ЭМРМ - навигация, мұнай операцияларын жүргізу және көмірсутекті жағаға тасымалдау үшін, ұсыныстарды келісу
2.1.4. Қазақстан Республикасы батыс аймақтарында геодинамикалық полигондар жүйесін кеңейту	ТЖМ, БҒМ, ҰҒА - жер қабығының қазіргі уақыттағы вертикальді қимылдарын зерттеу бойынша ақпарат беру
2.2.1. Картографиялық өнімді цифрлы түрде және мемлекеттік тілде қамтамасыз ету	Қорғанысмині, ҰҚК, БҒМ - аэротүсіру жұмыстарын жүргізуді және географиялық атауларды келісу
2.2.2. Автоматтандырылған дерекқор құру арқылы материалдар мен құжаттарды тіркеу сақтау және түгелдігін қамтамасыз ету тиімділігін жоғарылату	АБА - геодезиялық және картографиялық мәліметтер мен материалдарды тіркеуге арналған автоматтандырылған мәліметтер базасын әзірлеу бойынша техникалық жобаны келісу

Агенттіктің ықтимал тәуекелдерін, Агенттіктің алдына қойған мақсаттарына әсер етуі мүмкін шектеулі көлемдегі ресурстар бойынша анықтау ұсынылып отыр.

Саяси тәуекел. Демаркация бойынша далалық жұмыстар шекаралас Тараптармен бірігіп жүргізіледі және қандайда бір Тараптың дайын болмауы демаркациялық жұмыстардың жалпы кестесін бұзуға, олардың шығын құнының ұлғаюына және қосымша ұйымдастырушылық қиындықтарға алып келеді, ал оған бірлескен демаркациялық процесте жол беруге болмайды.

Кадрлық әлеует. 2008 - 2009 жылдары жүргізілген Агенттіктің Өңіраралық жер инспекциялары (ӨЖИ) жұмысшыларының штаттық санын қысқарту жер заңнамасын бұзушылықтар санының өсуіне алып келеді, өйткені Қазақстан Республикасының 272,5 млн.га көлемді өте үлкен аумағында штаттық санының 114 бірлігінде 1 мемлекеттік инспекторға шамамен 2,5 млн. га салмақ түседі.

Алдыңғы үш жылдық кезеңде жерлерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша ӨЖИ қызметтеріне өткізілген талдау заң бұзушылықтардың жылына орташа алғанда 1,0 мыңға өскенін көрсетеді. Осылайша мемлекеттік инспекторлар санының қысқаруы жер заңнамасын бұзудың өсуіне септігін тигізеді, ал бұл өз кезегінде қойылған мақсаттарға қол жеткізуге кедергісін тигізеді.

Техногендік тәуекел. Халықты қорғау бойынша ескертулік шараларды, жалпы елдің аумағын және объектілерді стихиялық құбылыстардан қорғау бойынша шараларды қабылдау мемлекеттің экономикалық дамуының тұрақтылығының көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Осы орайда, жоғары нақты геодезиялық өлшемдерді геодинамикалық полигондарды уақтылы өткізбеу, экономиканың барлық саласында көрініс табатын, қазіргі уақыттағы жер қабатының қозғалыс жағдайына сараптама жүргізбеге әкеп соғады.

Технологиялық тәуекел. Республика аумағының мемлекеттік топонимикаға жердің қазіргі уақыттағы жағдайына сәйкес келетін мемлекеттік топографиялық карталармен, қажетті біліктілігі бар кадрлық ресурстармен, техникалық және технологиялық құрал-жабдық және бағдарламамен қамтамасыз етілмеуі, сондай-ақ геодезиялық және картографиялық мәліметтерді беруде, сақтауда бұрмалануы осылардың бәрі көптеген экономикалық тапсырмалар бойынша шешім қабылдауда және елдің қорғаныс қабілеттілігіне кері әсерін тигізеді.

Материалдық-техникалық жарақтандыру. «Электрондық үкімет» аясында жасалынып жатқан автоматтандырылған ақпараттық жүйе, ақпараттық жүйенің тиімді қызмет атқаруы үшін қазіргі заманғы компьютерлік құрал-жабдықтардың болуын талап е т е д і .

